

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

С.ТОРАЙҒЫРОВ ПЕН А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ

*ШАЛҒЫНБАЕВА Қ.Қ.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, педагогика
ғылымдарының докторы, профессор
Астана, Қазақстан*

Аннотация. В данной статье собраны педагогические мысли интеллектуалов и общественных деятелей, внесших свой вклад в развитие сферы образования казахского народа в начале XX века. А также анализируется творческое наследие Султанмахмуда Торайгырова и Ахмета Байтурсынова, внесших вклад в социально-экономическое и духовно-культурное развитие казахского общества той эпохи.

Abstract. This article contains the pedagogical thoughts of intellectuals and public figures who contributed to the development of the education of the Kazakh people in the early twentieth century. It also analyzes the creative heritage of Sultanmakhmud Toraigyrov and Akhmet Baitursynov, who contributed to the socio-economic, spiritual and cultural development of the Kazakh society of that era.

С.Торайғыров өмір сүрген уақыт – XX ғасырдың бас кезі дүниені дүр сілкіндірген қилы-қилы тарихи оқиғаларға толы кезең болатын. Ресейде капитализмнің өркендеп, алғашында прогресшіл әсер етуі, кейіннен империализмге ұласып, реакцияшыл бағыт алуы, 1905-1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық бас көтерулер, одан кейінгі Ақпан және Қазан төңкерістері, Кеңес өкіметінің орнауы, 1918-1920 жылдар арасындағы азамат соғысы ...-осының бәрі бір ұрпақ өкілінің басына жетіп артылатын тағдыр талқысы іспетті кесек-кесек оқиғалар-ды.

Осынау алмағайып аумалы-төкпелі кезеңді қазақтың қарымды қаламгері Әбіш Кекілбаевтің сөзімен сипаттайтын болсақ, «Сұлтанмахмұттың заманы – күллі адамзаттың алдынан үш тарау жол шығып, дағдарып тұрған тұсы еді. Барша адамзаттың бай тәжірибесін бір өзі емденіп, жаңа өркениет жасап алып, табиғи мүмкіндіктер үстемдігінен біржола құтылып, жер-жаһанның жылы-жұмсағын қанжығасына өңгере бастаған Батыс Еуропа қалған дүниенің ол білетінді білмей, баяғы таз қалпында қала беруін қалады.

Халықтардың өзіндік сипатын сақтағансып, оларды бір өңкей ата кәсіптерімен шұғылдануларына жағдай жасағансып, жаңалықтардан шет қақпай ұстауға тырысты. Бұның аржағында қандай құлта жатқанын түсінгісі келмеген хадимшіл Машырық үйреншікті үрдісшілдікті әспеттеді. Жәдидшіл Мағұрып жаңа өркениетті озбыр отаршылдықтың бодауына беріп қоюға қарсы болып, өнегелі үйренбешілдікке шақырды. Іргедегі Ресей бар тәжірибенің бәрін мойындамай, атымен соны бағытта өрістетуді дәріптеді. Бұл үш ағым қазақ даласында көрініс берді...» [1].

Сөйтіп, қазақтың игі жақсылары мен білімділерінің бір тобы ата кәсіпті қуып, ата жолын сақтауды, яғни қазақшылықты көбірек көксесе, енді Сұлтанмахмұт секілді жаңашыл ойлайтын бір шоғыры жалпы адамзаттың жүріп өткен жолындағы озат тәжірибені, дайын үлгілерді өз елінің жағдайына икемдей білуге, яки «мыңдаған жылдар ішінде жүздеген буындардың еңбегі мен салулы даяр жолдарын» балалар мен жастардың тәрбиесінде дұрыстап пайдалана білуге үндеді, надандықтан арылуға шақырды.

Әлбетте, құнарсыз жерге егін шықпайтыны секілді, дәуірдің өзі заман талабына орай ел үшін еңіреп туған ұлдарын дүниеге келтіріп отырғаны тарихтан белгілі. Сұлтанмахмұттан бұрын да халықтың халық болып, өзге де іргелі елдермен иық теңестіруі үшін ең алдымен қараңғылықтан арылып, білім бұлағынан сусындау қажет екенін бар болмысымен түсінген және соған жан-тәнімен үндеген Ш. Уалиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин секілді ағартушы ғұламаларда, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Ә.Бөкейханов және т.б. қазақтың зиялы тұлғалары да бар еді. Олар өз халқының ешкімге тәуелсіз, дербес жолмен дамуына, мәдениет пен прогреске ұмтылуына бар қажыр-қайраттарын жұмсады.

Сұлтанмахмұт осындай мақсатты мұрат тұтып, қазақ халқы алдында атар таңды, түсер жарық сәуле мен нұрды осындай ақиық азаматтардың есімдерімен байланыстырып, «Таныстыру» (1918) атты поэмасында «Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов... бірі – күн, бірі - шолпан, бірі – айым» - деуінің де негізгі сыры осында болатын. [2].

Сондықтан С.Торайғыровтың педагогикалық-ағартушылық идеялары жөнінде сөз қозғағанда оны өзінің әлеуметтік ортасынан - А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейханов, Ғ. Қарашев, І. Ізтілеуов, Ы. Шөреков, Б. Күлеев, М. Сералин және т.б. ғұмыр кешкен отрадан бөлек алып қарауға болмайды. Олардың дүниетанымдық, жалпыадамзаттық көзқарастарды қалыптастыруда бір-біріне ықпал-әсер етіп, бірін-бірі рухани байытып отырғаны даусыз. Сұлтанмахмұттың көп жағдайда өз замандастарына ұқсап тұратыны да сондықтан болса керек. Тіпті олардың ел алдындағы еңбектерінде алға тартып, марапаттап отырған. Мәселен, Сұлтанмахмұт қазақ халқының ғұлама білімпазы, ел азаматтығы үшін басын бәйгеге тіккен жалынды күрескерлер А.Байтұрсынов пен Ә.Бөкейхановты, сондай-ақ, Ә.Ермековті, Х.Ғаббасовты, Ж.Ақбаевты, А.Сәрсеновты, ерлі-зайыпты Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтарды, Ш.Құдайбергеновті және т.б. жоғары бағалаған. Оған дәлел ақынның «Таныстыру» поэмасындағы мына бір шумақтар:

Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.
Кешегі қара күнде болмап па еді,
Бірі күн, бірі шолпан, бірі айым.
Солардан басқа кеше кім бар еді,
Қазақ үшін шам қылған жүрек майын.
Онан соң Ғаббасұлы Халел мырза,
Түрі емес, көрген адам сөзіне ырза.
Тап басар, әдісті көп артты ойлайтын,
Не аңқау, не болмаса емес қызба,
Ардақты бар Нәзипа деген ханым,
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.
Оқыса сондай әйел шығар еді деп,
Оқығандар бағалар сөздің дәмін.
Бірге айтайын Нұрғали Құлжанұлын,
Жаңылмасақ бұлайша мұның сынын.
Қайратты, кең ойлайтын сабырлы адам,
Жасымайтын, бермейтін жанға сырын.
Құдайберген баласы Шәкәрім,
Көп оқуы болмаса да туысы кәміл.
Жазған шежіре, жайған үлгі арқасында,
Ертеден бұл алашқа аты мәлім» [3].

Міне осы шығармасынан Сұлтанмахмұт Торайғыровтың педагогикалық-ағартушылық ой-пікірлерінің қалыптасуына жоғарыда аталған тұлғалар мен ағартушылардың озық идеяларының әсері болғаны айдан анық. Мұны олардың идеяларының бір-бірімен үндесіп, тамырлас, сабақтас жатқанынан да, қазақтың ғұлама ұлдарын сарапқа сала келіп, Ахметтің орны бөлек деп атап көрсетуінен де байқауға болады. Мәселен, С.Торайғыров өмірінде әсіресе «Айқап» журналы редакциясының хатшысы болып қызмет атқарған кезең ерекше орын алады. Себебі, Троицкіде қазақтың әлеуметтік, философиялық ой-пікірінің қалыптасуына үлкен ықпал еткен, халық арасына ағарту жұмысын да кеңінен насихаттап, қазақ халқын бостандыққа талпындыру, оның ғылымы мен мәдениетін, көркем-өнерін өркендету, отырықшылықты, диханшылықты, қала салуды насихаттау, қазақ әйелдерінің қоғамдағы рөлін арттыру секілді көптеген қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді көтерген, өз тұсынында қазақтың бұқарашыл

әдебиетінің ұйтқысы болған «Айқап» журналы шығып тұратын. Ол 1911 жылдың қаңтар айынан 1915 жылдың тамызына дейін Троицк қаласында шығып тұрды. Оның редакторы – бұқарашыл ақын, журналист М.Сералин болды. [3, 20].

Міне осы кезден басталатын шығармашылық жолында Сұлтанмахмұттың шығармалары дүркін-дүркін басылып тұрады: «Оқып жүрген жастарға», «Оқуда мақсат не?» «Бұлар кім?», «Шығамын тірі болсам адам болып», «Қазақ ішінде оқу оқыту жолы қалай?» «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Қандай басшы?» және т.б. Қарап отырсақ, Сұлтанмахмұттың осы «Айқапта» қызмет істеп жүрген кезінде жазған шығармаларының дені өнер-білім, оқу-тәрбие яғни Ахмет Байтұрсыновтың осы саладағы ой-пікірлері мен педагогикалық идеяларын үгіттейді, насихаттайды. Олай деуімізге дәлел, 1912 жылдан бастап, Ахмет Байтұрсынов, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттеріне араб таңбаларын жетілдіру, лингвистикалық терминдерді тілге енгізу (дыбыс, әріп, жуан, жіңішке және т.б.) туралы ой-пікір қозғады. Оның араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер жылы лебізбен қабылдады. Себебі, бұл реформа қазақ тілінің табиғатына, яғни сингармонизм заңдылығына сүйеніп, ғылыми түрде жасалған еді. Сонымен қатар, А.Байтұрсынов ұсынған емле 1913 жылдан бастап мұсылман медреселерінде де, орыс-қазақ мектептерінде де қолданыла бастады. [4].

Ал, 1912 жылы мектеп балаларына қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазған соң, көп ұзамай енді мектепті қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі «Тіл құралы» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Морфологияға арналған 2-бөлімі 1914 жылы, ал синтаксиске арналған 3- бөлімі 1916 жылы басылып шығарылды. «Тіл құралы» - қазақ мәдениетінде бұрын сонды болмаған құбылыс. Оның қазақ халқы үшін мүлде тың дүние екендігін оқулықтың кіріспесінде автор арнайы атап көрсетті. Ол осы оқулықта қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына тұңғыш қазақша терминдерді ұсынды. Күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан «зат есім, бастауыш, шылау, баяндауыш, етістік, сан есім, одағай, есімдік» деген және т .б. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы А.Байтұрсыновтікі. Сондай-ақ, Ахмет салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, «Қырық мысал», «Маса» еңбегі «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналында жарияланды. Бұндағы «Масаның» негізгі идеясы - қазақ жастарын оқуға, өнер білімге, рухани мәдениетке шақыру, адамгершілікті, отансүйгіштікті уағыздау, еңбек етуге үндеу болды. [5].

Дәл осылай Сұлтанмахмұтта өзінің шығармаларында балар мен жастарға оқу мен білімнің қажеттілігін насихаттап, болашақ өмірдің тек соған байланысты екенін ұғындыруға талпынуы, оған оларды қызықтыруы, сол кездегі балардың көңіл күйін былай деп суреттейді:

Оқыт бізді әкетай!
Қам көңілім болсын жай.
Надандықтан құтқарып,
Қуанта көр, құдай-ай!
Көңіл менен көзді ашып,
Уанта көр құдай-ай! [6].

Тағыда бір ескере кететін жайт: Сұлтанмахмұт оқыту арқылы – тәрбиелеу- ең басты мәселе деп, соған баса назар аударады. Оның ойынша, халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, ал оны іске асыру үшін тәрбие ісінің құдіретінен артық еш нәрсе жоқ.

Мен, сыйлар деп дүние, келдім міне!
«Бір жас» деп есігіңнен ендім міне!
Мен азатпын, мен ақпын, мен өсемін,

Не қылсаң да басымды бердім міне! [7]. Бұдан, Сұлтанмахмұттың адамның жақсы я жаман болуы тәрбиеге, өскен отрасына байланысты деген қағиданы қуаттап отырғанын байқау қиын емес.

Ал, Ахмет Байтұрсыновтың көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы ой-пікірлерді жалғастыра отырып, қоршаған ортаға ойлана сын көзімен қарайды, қоғамға көңілі толмайды. Мәселен, оның «Бақ», «Досыма хат», «Қазақ салты», «Жиған-терген» және т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. [8]. Сондай-ақ, Ахметтің: «Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз, алалық алты бақан дертпен кірдік», «Ақшаға абыройын, арын сатып, азған жұрт, адамшылық қалмай сыны», «Жаны мал, жақыны мал, малдың құлы» деген сипаттармен нақтылана түседі. . Халықтың ауыр халін аз да болса жеңілдету жолдары туралы ойланғанда Ахмет бұрын қалыптасып дамыған ағартушылықтың мақсат-мұраты арнасында ой өрбітеді, ұйқыдан оянып, білім-ғылымға ұмтылу қажеттігін оянған елге еру керектігін еске салады:

Оянған елге ұмтылған жерде

Еруші аз да, серік кем.

Қас білген досты, дос білген қасты

Мұндай елді көріппе ең

Қыс ішінде бірер қаз,

Келгенменен қайда жаз?! – деген өлең жолдары ел ішіндегі азын-аулақ зиялы азаматтар сөзіне құлақ қоюдың аздығынан күйінуден туындаған.:

Осы орайда, Сұлтанмахмұт та «Орнымыз медресе оқып жатқан» деген өлеңінде:

Шынында ғылым артық мал мен бақтан,

Ғылым болса қара су тасып аққан.

«Оқу оқып не керек, мал таппай»деп,

Қазақтың айтқан сөзі надандықтан. – деп, [9]. жастарға оқу мен білімнің пайдалы жақтарын түсіндірумен қатар, оған деген кейбір азаматтардың жаңсақ пікірлеріне тойтарыс беріп, жастардың жанашыр қамқоршысы болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Кекілбаев Ә. Жыр сұлтаны туралы сөз. «Егемен Қазақстан» 1993, 8-шілде, 2-бет.
2. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-т. Алматы, 1993, 146—164 беттер
3. Ұзақбаева С., Шалғынбаева Қ. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың педагогикалық көзқарастары. Алматы. «Білім», 1998.
4. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880
5. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматы кітап баспасы”, 2009.
6. Ақбаева Л. Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. Алматы, 1993, 106-бет.
7. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. Алматы, 1971, 23-бет.
8. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса - Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009 жыл
9. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-т. Алматы, 1993, 23 б.